

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Клинтонның АҚТК/ЖҚТК мәселелері жөніндегі Қоры Бастамасы арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 қыркүйектегі N 894 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Клинтонның АҚТК/ЖҚТК мәселелері жөніндегі Қоры Бастамасы арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Клинтонның АҚТК/ЖҚТК мәселелері жөніндегі Қоры Бастамасы арасында Өзара түсіністік туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН КЛИНТОННЫҢ
АҚТК/ЖҚТБ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРЫ БАСТАМАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІNІSTІK ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ықпалдастырылған алдын алу бағдарламалары, АҚТК/ЖҚТБ кезінде күту және емдеу арқылы АҚТК/ЖҚТБ-ға қарсы құрес жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды, сондай-ақ онда АҚТК-ны жүқтყырғандарды және ЖҚТБ-мен ауыратындарды емдеу мен қолдаудың әзірленген стратегиясы және оны енгізуге ариналған жоспары болады.

Вильям Дж. Клинтон өзінің қоры қызметінің негізгі бағыты ретінде АҚТК/ЖҚТБ індегінде жаһандық қарсы іс-эрекетті және өз қүштерін АҚТК/ЖҚТБ-ның алдын алуға, АҚТК-ны жүқтყырған, ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды күту мен емдеуге бағыттайтын елдерді қолдауды таңдады.

Вильям Дж. Клинтон АҚТК/ЖҚТБ індегін болдырмау жөнінде Қазақстанда атқарылған елеулі шарапарды таниды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Клинтонның АҚТК/ЖҚТБ жөніндегі Қоры Бастамасын (бұдан әрі - Клинтон Қоры) АҚТК/ЖҚТБ кезінде емдеу, күтім жасау және алдын алу саласында ынтымақтастыққа шақырды.

Қазақстан Үкіметі мен Вильям Дж. Клинтон Қоры төмендегі туралы келісті:

1. Клинтон Қоры Қазақстан Республикасының Үкіметін Клинтон Қорының ретровирусқа қарсы препараттарды (бұдан әрі - РВК-препараттар) сатып алушы қамтамасыз ету жөніндегі консорциумының құрамына енгізеді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоғары сапалы РВК-препараттарды төмен бағамен сатып алуға жәрдемдеседі.

2. Клинтон Қоры Қазақстан Республикасының Үкіметіне жоғары сапалы диагностикалық жүйелерді (СД-4 жасушаларының санын және вирустық жүктемені анықтайтын тест-жүйелер сияқты) ең төмен бағамен сатып алуға жәрдемдеседі және серіктестерімен Қазақстан Республикасының Үкіметін жақында келісілген диагностикалық жүйелерді сатып алу жөніндегі келісімге ықтимал енгізу мерзімін талқылады.

3. А қосымшасында айтылған РВҚ-терапиясына және сапалы диагностикалық жүйелерге ең төмен бағамен қол жеткізуді жақсарту мақсатындағы Клинтон Қоры мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің ынтымақтастықтың жұмыс аспектілерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген айырмашылық тараптар арасындағы келіссөздер **жолымен** шешіледі.

4. Өзара түсіністік туралы меморандумға түзетулер үш ай бұрын басқа тарапқа хабарлама берген кез келген тараптың ұсынысы бойынша енгізілуі мүмкін.

5. Меморандум бұзылған жағдайда тараптардың ешқайсысы өтемақы, бұзылу нәтижесінде болған шығындарды қайтаруды немесе өтеуді талап етпейді.

Өзара түсіністік туралы меморандум оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішлік ресімдерді Тараптардың орындағаны туралы жазбаша хабарлама берілген күнінен бастап **күшіне** **енеді**.

Меморандумға екі түпнұсқа данада қол қойылады, олардың әрқайсысы қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Меморандумның ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Клинтонның АҚТК/ЖҚТБ мәселелері жөніндегі Қоры мейлінше ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа үмтүлады

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан:

Клинтонның АҚТК/ЖҚТБ мәселелері жөніндегі Қоры Бастамасының атынан:

2005 ж.

**А қосымшасы: Клинтон Қоры мен Қазақстан Республикасы
Үкіметінің ен тәмен бағамен РВК -терапиясы мен сапалы**

диагностикалық жүйелерге қол жеткізуді жақсарту мақсатындағы ынтымақтастығының жұмыс аспектілері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз елінің заңнамасына сәйкес ретровирусқа қарсы дәрілерді және (немесе) тест-жүйелерді Клинтон Қорымен келісілген бағамен сатып алуға ұмтылатын болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі жоғарыда санамаланған тауарларды сатып алу үшін стандартты тендерлік құжаттамаға Клинтон Қоры жұмысының қағидаттарын енгізу мүмкіндігін қарастырады, олар ұзақ мерзімді тендерді (3-5 жыл), қауіпсіз қаржы тетіктері арқылы төлеу кепілдіктерін және қажет болған жағдайда бірнеше қайта мамандандырылған жеткізушілер арасында сатып алу көлемін бөлуді қамтиды. Жеткізушілердің санын және жеткізілімдер көлемін дәл бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын болады. Тендерлік құжаттамада Қазақстан Республикасы Үкіметінің Клинтон Қорының бағдарламасына қатысуы туралы ескертпе қамтылуы тиіс. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қалған стандартты тендерлік рәсімдері түзетуге жатпады.

2. Мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қолданатын стандартты рәсімдер айқындылық және еркін бәсекелестік қағидаттарына сәйкестігіне бағаланатын болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мүмкіндік болған кезде Дүниежүзілік Банк немесе ЖКТБ-ға, туберкулезге және безекке қарсы күрес жөніндегі Жаһандық Қор жүргізген ұқсас бағалардың нәтижелерін Клинтон Қорына ұсынатын болады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі зияткерлік меншік және дәрілік заттар мен диагностикалық жүйелерді мемлекеттік тіркеу мәселелерінде халықаралық талаптарға және ұлттық заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Клинтон Қорына біріктірілген барлық жеткізушілерді және олар өндіретін дәрілік заттар мен диагностикалық жүйелерді жеделдетілген рәсіммен тіркеуге жәрдемдесуге ұмтылатын болады. Барлық жеткізушілер, дәрілік заттар мен диагностикалық жүйелер Клинтон Қорының дәрілік заттар мен бағалар тізбесінде берілген.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Клинтон Қорына осы келісім шенберінде жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу жөніндегі құжаттардың көшірмелерін беру мүмкіндігін қарастырады. Бұл ақпарат Клинтон Қорына Қор серіктестері үшін бағаны одан әрі төмендегу мақсатында бағдарлама шенберінде жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу көлемдерінің мониторингін жүргізуге мүмкіндік береді.

Тараптар осы Меморандумды іске асыру барысында алынған ақпараттың құпиялышының қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды. Мұндай ақпаратты бір Тарап екінші Тараптың мүддесіне нұқсан келтіру үшін пайдаланбайды.

Егер ақпаратта Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес Тараптардың

мемлекеттік құпиялары қамтылған болса, онда мұндай ақпаратты беру беруші Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Қабылдаушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі Клинтон Қорына тоқсан сайып алу көлеміне қатысты болжамдармен жаңартылатын ақпаратты беру мүмкіндігін қарастырады. Бұл ақпарат барлық серіктестер сұранысының кумулятивті көлемі туралы ұғымы болуы үшін Клинтон Қорына және бар сұранысқа сәйкес өндірістің ауқымын жоспарлау үшін жеткізу шартынде қажет.

7. Қазақстан Республикасының Үкіметі өз құзыреті шеңберінде Клинтон Қорымен ынтымақтастық аясында сайып алынған РВК-препараттар мен диагностикумдардың тағайындауы бойынша пайдаланылмауына қарсы әрекет етуге, оны анықтауға және жоюға үмтүләтін болады.

8. Клинтон Қоры бағдарламаны іске асырудың бүкіл кезеңі ішінде жеткізу шартын бағаларды бақылайды және бағалары өзгергенде, жаңа дәрілік препараттар, диагностикалық жүйелер немесе жаңа жеткізу шартын қосылған жағдайда олардың жаңартылған тізбесін шығарады.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Клинтон Қоры, жоғарыда айтылғандардың барлығын жария етіп және осы Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарын негізге ала отырып, бағдарламаны әкімшілендіру үшін жауапты болатын өкілдерін белгілейді.

10. Баспасөз релиздері, баспасөзде жарияланған әр түрлі жарияланымдар мен Өзара түсіністік туралы меморандумда қозғалған аспектілерге қатысты кез келген басқа ақпарат туралы тараптар алдын ала ескертуі және келісуі тиіс.